

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
«ОРКЕН АҚТӨБЕ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«ОРКЕН» БАЛАБАҚШАСЫ



**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыруы және өткізуі**

Ақтөбе, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау туралы бұйрығы

Өзін-өзі бағалау жоспары

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

II. Кадрлық әлеуетті талдау

2.1. Педагогтердің білім деңгейі

2.2. Тәрбиешілердің білім деңгейі

2.3. Педагогтердің біліктілік деңгейі

2.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру

III. Тәрбиеленушілер контингенті.

3.1. Балабақша балаларының контингентін талдау

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі

V. Оқу-материалдық активтер.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.

«Өркен» балабақшасы өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындылары мен ұсыныстары.

«Өркен» балабақшасы қызметін бағалау.

«Өркен-Ақтобе» ЖШС

Қазақстан Республикасы,
030000, Ақтобе облысы,
Ақтобе қаласы, Астана ауданы,
Г. Жұбанова көшесі, 17 үй,
Байланыс нөмері: +7 775 899 48 97
E-mail: orken_aktobe@bk.ru



ТОО «Өркен-Ақтобе»

Республика Казахстан,
030000, область Актыбинская,
г. Актобе, район Астана,
улица Г.Жубановой, дом 17.
Контактный номер: +7 775 899 48 97
E-mail: orken_aktobe@bk.ru

Бұйрық № 7

«28» ақпан 2025ж.

**«Өркен балабақшасы» мекемесінде
өзін-өзі бағалауды өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 9436 бұйрығы және Ақтобе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің 2025 жылға арналған кестесіне сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН;

1. «Өркен балабақшасы» мекемесіне өзін-өзі бағалау 2025 жылдан 03-31 наурыз айы аралығында өткізілсін.
2. Балабақшаны өзін-өзі бағалау комиссия төмендегі құрам бойынша бекітілсін:
Комиссия төрайымы – Медетова А.Т директор
Комиссия төрайымының орынбасары – Тумина И.Д. балабақша меңгерушісі;
Комиссия мүшелері: Нургалиева А.М. – психолог;
Төлепова А.А. – тәрбиеші;
Есенгелді Н.Е. – тәрбиеші;
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:



А.Т.Медетова

«Оркен Актобе» ЖШС
«Оркен» балабақшасы директоры
А.Т. Медетова
«28» ақпан 2025ж.

Балабақшада «Өзін-өзі бағалауды жүргізу» бойынша іс-шара жоспары

№	Іс-шара жоспары	Іс-шара түрі	Жауапты
1	Өзін-өзі бағалау жөніндегі ұйымдастырушылық, кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуіне комиссия құру	Өткізу Бұйрық шығару	директор
2	Бағалау өлшем шартына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы	Іс-косымшаға сәйкес жүргізу	комиссия мүшелері
3	Оқыту нәтижесінде бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылатын жұмыстар (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығында сәйкес ұсынылады)	Іс-шара, жұмыс жоспары, кесте	комиссия мүшелері
4	Өзін-өзі бағалау кезіндегі жұмыс нәтижесін бағалау, сараптау, талдау жасау	Есеп беру құжаттарын дайындау	директор комиссия мүшелері
5	Балабақшаның өзін-өзі бағалауын қорытындылау Қорытынды бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес ұйымдастыру	Жұмыс жоспарын қорытындылау, талдау	Комиссия мүшелері хаттама
6	Өзін-өзі бағалау қорытындысын ұсыну	Рәсімдеу, ұсыну	Комиссия мүшелері
7	Өзін-өзі бағалау қорытындысын жариялау	Интернет	Комиссия мүшелері

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілуі күні: 28.02.2025

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.12.2022 ж. № 486 бұйрығымен сондай-ақ 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе қаласының білім беру ұйымдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының бұйрығына қосымшаға сәйкес келеді.

Жауапты: Директор Медетова А.Т.

2. Бағаланатын кезеңде «Өркен» балабақшасы өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөнінде комиссия мүшелерін сайлау.

Жауапты: Директор Медетова А.Т.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша директоры Алия Талгатқызы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес Ақтөбе қаласының білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау өткізілетінін атап өтті.

Директор қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе қаласының білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды.

Осы тізімге сәйкес 2025 жылғы мамыр айында мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырылатын «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығының бағалау критерийлеріне сәйкес материалдарды дайындау және талдау үшін комиссия құру қажет.

Алия Талгатқызы комиссия төрайымы, мектепке дейінгі ұйымының басшысы болып табылатынын, сондай-ақ комиссияға тәжірибелі педагогтер

кіруі тиіс екенін айтып өтті, өйткені алдағы жұмысты сапалы және үлкен жауапкершілікпен орындау керек екенін ескертті.

Комиссия құрамында кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды. Дауыс беру арқылы шешім бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамында:

Комиссия төрайымы - Медетова А.Т., директор;

Комиссия төрайымының орынбасары – Тумина И.Д. балабақша меңгерушісі;

Комиссия мүшелері: Нургалиева А.М. – психолог;

Төлепова А.А. – тәрбиеші;

Есенгелді Н.Е. – тәрбиеші;

Критерийлерге сәйкес өзін-өзі бағалауды талдау нәтижелері бойынша:

- Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығару;
- Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізу;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапасын қамтамасыз ету департаменті комитетінің Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне материалдарды тапсыру және мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру.

Төрайымы:

Хатшы:



Медетова А.Т.

Амантаева Т.Қ.

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілуі күні: 28.02.2025

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау қорытындылары.

Жауапты: Директор Медетова А.Т.

ТЫҢДАЛДЫ: Директор Медетова А.Т.

Алия Талгатқызы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйым бағаланатын кезеңдегі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы кезеңдерге өзін-өзі бағалауды жүргізгенін атап өтті. Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау объектілеріне мұқият талдау жүргізді; кадрлық құрамды талдау, тәрбиеленушілердің ресурстар және кітапхана қоры, тәрбиеленушілердің білімін бағалау. Одан кейін өзін-өзі бағалаудың толық құжаттарын таныстырды.

СӨЙЛЕДІ: Сараптама комиссия мүшелері Тумина И.Д., Нургалиева А.М., Төлепова А.А. барлық объектілерге толық талдау жүргізгенін, балабақша қызметінің жағымды жақтарын атап өтті. Есенгелді Н.Е. өзін-өзі бағалауды критерийлеріне сәйкес балабақшаның қызметі жақсы деңгейде екенін толықтырды.

ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ: Аттестатталатын кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымдық қызметін жақсы деңгейде деп танылсын.

ШЕШІМ

Аттестатталатын кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау бойынша жұмысы жақсы деп танылсын.


Төрайым:

Хатшы:



Медетова А.Т.

Амантаева Т.Қ.



Мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау міндеттері

Балабақша нысандарының қызметіне объективті өзін-өзі бағалау жүргізу.

Балабақша нысандарының өзін-өзі бағалау мәселелерінің себептерін және оларды шешу жолдарын анықтау.

Балабақшаның тәрбиелеу - білім беру үдерісін және өзін-өзі бағалаудың басқа да нысандарын дамыту резервтерін айқындау.

Өзін-өзі бағалау нысандары
мектепке дейінгі ұйымның қызметі



I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1	МДҰ атауы:	«Өркен» балабақшасы
2	Құрылтайшы:	Медетова А.Т.
3	Заңды мекен-жайы:	Ақтөбе қаласы, Ғ.Жұбанова көшесі 17 үй
4	Телефон:	8 707 842 41 60
5	Факс:	Жоқ
6	Эл. почта:	orken_aktobe@bk.ru
7	Жарғыны тіркеу:	2022 жылғы 24 қараша №1 шешімімен бекітілген.
8	Соңғы аттестаттау:	Болмаған
9	Директор:	Медетова А.Т.
10	Құрылған жылы:	2022 жыл
11	Ғимарат түрі:	Типтік емес, бейімделген ғимарат
12	Топтар саны	3
13	Балалардың оқыту	қазақ тілі
14	Жұмыс аптасының ұзақтығы:	10,5
15	Жобалық қуаттылығы:	49
16	Медициналық қызмет көрсету келісім шарты	Медициналық қызмет көрсету келісім шарты №16/2023 «Элеос» ЖШС
17	Рұқсат беру құжаттары:	Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: № KZ00RVK00043361
18	БСН:	221140047863

Балалардың мектепке дейінгі ұйымға қабылдануы «<https://darabala.kz/>» жүзеге асырылады. Әр балаға жеке іс-қағаз рәсімделеді, ата-анасының (немесе оны алмастыратын заңды өкілі) баланы қабылдау туралы өтініші, балабақшамен ата-ана арасындағы келісім шарт, қосымша білім беру қызметтері туралы шарт, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі іс-қағазға салынады. Балалардың

қозғалысы бойынша бұйрықтар журналы, өтініштерді тіркеу журналы, ата-ана шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

Директор: Медетова Алия Талгатқызы, білімі жоғары, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін 2014 жылы «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Педагогикалық қызмет өтілі 3 жыл, осы мекемеде 3 жыл.

Балабақша меңгерушісі қызметімен қатар балабақша әдіскері: Тумина Индира Дюсенбаевна, білімі жоғары, Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын 2010 жылы «Информатика» мамандығы бойынша бітірген. 2024 жылдың 22 шілдесінде «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Диплом Мемлекеттік лицензия АА №0002808 қайта даярлау куәлігін алған. Педагогикалық қызмет өтілі 4 жыл, осы мекемеде 1 жыл 5 ай.

Мектепке дейінгі ұйым мақсаты: әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуеті мен толыққанды дамуына үлес қосу.

Міндеттері: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;

- баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуы;

- интеграцияланған білім беру жағдайында коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерді дамыту;


- баланың мектепте білім алуға деген мотивациялық дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру;

- Отанға, ана тіліне, патриотизмге деген сүйіспеншілікті ояту;

- педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;

- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек.


Топтардың жасақталуы



Топтардың жұмыс режимі сағат таңғы 08.00-ден кешкі 18.00-ге дейін. Мектепке дейінгі ұйым топтарының толықтығы Қазақстан Республикасы "санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі таңда балабақша 3 топпен жұмыс істейді.

II. Кадрлық әлеуетті талдау

«Өркен» балабақшасы 2025 жылдың 5 желтоқсандағы жағдай бойынша педагогикалық қызметті 7 педагог жүзеге асырады: балабақша меңгерушісі және әдіскер, психолог, логопед-дефектолог, музыка жетекшісі, 3 тәрбиеші жұмыс атқарады .



2.1. Педагогтердің білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Бейініне сәйкес келетін жоғары білім	3- 75 %	3- 75 %	3-75%
Бейініне сәйкес келмейтін жоғары білім	0	0	0
Бейініне сәйкес келетін арнаулы орта білім	0	0	0
Педагогикалық қайта даярлау	1-25%	1-25%	1-25%
Барлық педагогтер:	4	4	4
Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі	100%	100%	100%



Педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау қазіргі уақытта педагогтердің санын көрсетті:

- «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бейіні бойынша жоғары білімі бар 0 (0%)
- «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» арнаулы орта білімі бар - 0 (0%)
- «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлаудан өткен – 1 (10%)
- Бейініне сәйкес келмейтін жоғары білімі бар - 0 (0%).

2.2. Тәрбиешілердің білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2022-2023	2023-2024	2024-2024
Жоғары мектепке дейінгі білім	0-0%	1-33,3	1-33,3
Арнаулы орта мектепке дейінгі білім беру	1-33,3%	1-33,3%	1-33,3%
Педагогикалық білім, қайта даярлау курстарынан өткен	2-66,6%	1-33,3%	1-33,3%
Барлық тәрбиешілер:	3	3	3
Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар тәрбиешілердің үлесі	66,7%	100%	100%



2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білімі бар тәрбиешілердің үлесі 100% құрайды, яғни 3 тәрбиешінің 1-еуі жоғары мектепке дейінгі білімі бар, 1-еуі орта арнаулы мектепке дейінгі білімі бар, 1 тәрбиеші "мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бойынша қайта даярлау курстарында оқыды.

Қорытынды: білім беру деңгейін талдауға сүйене отырып, педагогтердің 100% тиісті деңгейдегі білімі бар.

2.3. Педагогтердің біліктілік деңгейі

Оқу жылы	МДҰ барлық педагогтер	Біліктілік санаты				
		Педагог-зерттеуші Жоғары	Педагог-сарапшы Бірінші	Педог-модератор Екінші	Санаты жоқ	Үлесі %
2022-2023	6	0	0	0	6	0
2023-2024	5	0	0	0	5	0
2024-2025	7	0	0	0	7	0


Балабақша құрылтайшысының алға қойған мақсаты жас мамандарды жұмыспен қамту. Жас мамандарға мектепке дейінгі тәрбие мен білімнің маңыздылығын көрсете отырып, оларды қолдау. Балабақшадағы 6 жас маман біліктілік арттыру курстарынан өткен, жылдық жоспар бойынша санат қорғауға жіберіледі.

2.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру

Тәрбиешілер, педагог-мамандар білім беру және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады, семинарларға қатысады.

Педагогикалық кадрлар курстық даярлықтан өту бойынша балабақшаның перспективалық жоспарына сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырады. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтердің біліктілігін арттыру үшін келесі нысандар қолданылады. Олар «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, "Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогикалық шеберлік орталығы» АҚ, Ustaz Professional Learning Centre.

«Өркен» балабақшасы педагогтердің дамуына толық жағдай жасайды. Отандық біліктілік арттыру курстарымен қатар, халықаралық деңгейде де білім жетілдіреді.



Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру

Оқу жылдары	Курстар	Семинарлар	Практикалық конференциялар	Балабақша базасындағы семинарлар
-------------	---------	------------	----------------------------	----------------------------------

2022-2023	0	1	2	Барлық педагогтер жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қатысады
2023-2024	1	1	2	
2024-2025	3	2	1	

2024-2025 оқу жылы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстары

Ұйымның атауы	Біліктілікті арттыру курсының атауы	Сағаттар саны	Педагогтердің аты-жөні	Оқу жылы
Ustaz Professional Learning Centre	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде инновациялық жобалар мен әдіс-тәсілдер»	80 сағат	Тумина И.Д.	2024-2025
Ustaz Professional Learning Centre	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде инновациялық жобалар мен әдіс-тәсілдер»	80 сағат	Төлепова А.А.	2024-2025
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзиреттілігін дамыту»	72 сағат	Төлепова А.А.	2023-2024
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	«Мектепке дейінгі ұйымдағы сөйлеу тілі бұзылған балаларға логопедиялық көмек»	72 сағат	Бектайыз А.Е.	2023-2024
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ» АҚ	«Бала табиғатының қалауы – ойын»	36 сағат	Бектайыз А.Е.	2023-2024
«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	80 сағат	Нургалиева А.М.	2023-2024

Ustaz Professional Learning Centre	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде инновациялық жобалар мен әдіс-тәсілдер»	80 сағат	Амантаева Т.Қ.	2024-2025
Ustaz Professional Learning Centre	«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде инновациялық жобалар мен әдіс-тәсілдер»	80 сағат	Есенгелді Н.Е.	2024-2025
Бағаланатын кезеңде БА курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%			

Қорытынды: балабақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады.
(2-қосымша)

III. Тәрбиеленушілер контингенті

«Өркен» балабақшасында 3 топ жұмыс жасайды, мемлекеттік тілде тәрбиелеу және оқытуды мемлекеттік тапсырыспен жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымға балалар "мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау және құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

Шартқа сәйкес келесі қызметтер ұсынылады:

- мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту;

- сауықтыру іс-шаралары;

- мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен балабақшаның ата-аналар комитетімен келісіліп, нутрициолог маманмен жоспарлай отырып, Қазақ тамақтану академиясымен келісілген қысқы-көктемгі және жазғы-күзгі маусымдарға сәйкес перспективалы 10 күндік ас мәзір бойынша жүзеге асырылатын теңдестірілген 5 реттік тамақтану.

2022-2023 оқу жылында «Өркен» балабақшасы тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2022 жылғы 15 желтоқсанда - 38 бала, 2023 жылғы 5 қаңтарға – 38 бала, 2023 жылғы 5 мамырға – 49 баланы құрады.

2022-2023 оқу жылы бойынша балалар контингенті бойынша мәлімет

	Топ атауы	Жас ерекшелігі	01.09.2022 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.01.2023 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.05.2023 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес
1	«Нарру бала»	Ортаңғы	0	0	0	0	10	0	11
2	«Зерек kids»	Ересек	0	0	0	22	2	2	22
3	«Smart бала»	Ересек	0	0	0	16	2	1	17
	Барлық бала саны		0	0	0	38	14	3	49

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамының өзгеруі бағыттар бойынша жас топтарына – 14 бала келу және шығу – 3 бала есебінен болды. Топтардың жас кезеңділігі сақталады.

2023-2024 оқу жылында «Өркен» балабақшасы тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2023 жылғы 1 қыркүйекке -49 бала, 2024 жылғы 5 қаңтарға – 49 бала, 2024 жылғы 5 мамырға – 49 баланы құрады.

2023-2024 оқу жылы бойынша балалар контингенті бойынша мәлімет

	Топ атауы	Жас ерекшелігі	01.09.2022 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.01.2023 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.05.2023 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес
1	«Нарру бала»	Ортаңғы	13	1	1	13	4	2	15
2	«Зерек kids»	Ортаңғы	15	2	1	16	1	1	16
3	«Smart бала»	Ересек	21	2	3	20		2	18
	Барлық бала саны		49	5	5	49	5	5	49

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамының өзгеруі бағыттар бойынша жас топтарына – 10 бала келу және шығу – 10 бала есебінен болды. Топтардың жас кезеңділігі сақталады.

2024-2025 оқу жылында «Өркен» балабақшасы тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2024 жылғы 1 қыркүйекке – 49 бала, 2025 жылғы 5 қаңтарға – 49 бала, 2025 жылғы 5 мамырға – 0 баланы құрады.

2024-2025 оқу жылы бойынша балалар контингенті бойынша мәлімет

	Топ атауы	Жас ерекшелігі	01.09.2024 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.01.2025 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес	Келгендер саны	Кеткендер саны	05.05.2023 жылға балалар саны мониторингтегі бала санына сәйкес
1	«Нарру бала»	Ортаңғы	18	2	2	18			
2	«Зерек kids»	Ересек	15	0	1	14			
3	«Smart бала»	Ересек	16	1	0	17			
	Барлық бала саны		49	3	3	49			

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамының өзгеруі бағыттар бойынша жас топтарына – 3 бала келу және шығу – 3 бала есебінен болды. Топтардың жас кезеңділігі сақталады.

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс

«Өркен» балабақшасы оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

«Оркен Ақтобе» ЖШС «Өркен» балабақшасы 2022 жылдың 15 желтоқсан айында қызметтің басталуы туралы №KZ00RVK00043361 хабарламаны алғаннан бастап, 1 ортаңғы топ, 1 ересек топтарымен 25 баламен өз жұмысын бастаған.

2022-2023 оқу жылының қаңтар айында 1 кіші топ, 1 ортаңғы топ, 1 ересек топтарымен мемлекеттік тапсырыспен жұмыс жасады.

2023-2024 оқу жылынан бастап 2 ортаңғы топ, 1 ересек топтарымен жұмысын жасады.

2024-2025 оқу жылынан бастап балабақшада 1 ортаңғы топ, 2 ересек топтарымен мемлекеттік тапсырыспен өз жұмысын жалғастыруда.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтермен бірлесе отырып жасайды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтер (музыкалық жетекші, дене шынықтыру жаттықтырушы және т.б.) өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуіне дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде «Алматы кітап», «Шұғыла», «Балапан», «Нұр-Сұлтан» оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтер төмендегі қағидаттарға бағдарланды:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Электрондық нұсқада 2022-2023, 2023-2024, оқу жылдарының оқу жоспары, оқу кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалық жоспарлары, өтпелі тақырыптары, вариативтік компоненттері, мамандардың жоспарлары қоса беріледі.

2024-2025 оқу жылдарының оқу жоспары, оқу кестесі, топ тәрбиешілерімен топ жастары бойынша бекітілген мамандармен бірлесе құрылған перспективалық жоспарлары мен циклограммалық жоспарлары қоса беріледі.

«Өркен» балабақшасы ғимаратында үйірмелерге арналған бөлмелер қарастырылған. Атап айтсақ,

Акт залында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға толық жағдай жасалған. Оқу кестесіне сәйкес әр топқа музыка маманымен бірге жаңа әндер, түрлі іс-әрекеттермен сайыстар өткізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұлттық аспаптардың муляждары, дамытушы ойыншықтар, әуенді – үрмелі аспаптармен жабдықталған. Ертеңгіліктер мен қойылымдар қоюға арналған арнайы сахна, музыкалық құрал-жабдықтар және көрерменге арналған 40 орынмен қамтамасыз етілген.

Дене шынықтыру залы балалардың денсаулығын нығайтуға, физикалық қабілеттерін дамытуға арналған дене шынықтыру жабдықтарымен жас ерекшеліктеріне, дене дайындығына қарай таңдалып жабдықталған. Тепе-теңдікті жаттығулар үшін ұзын баулар, ұзындығы мен ені әр түрлі тақталар жиынтығы, кірпіш тақтайлар, көлбеу тақталар, гимнастикалық шеңберлер, түрлі пішінді доптар, әр түрлі биіктіктегі гимнастикалық орындықтар қолданылады. Ортаңғы топтан бастап оқу кестесіне сәйкес дене шынықтыру жаттықтырушысымен жүзеге асырылады.

Логопед қазіргі заманғы логопедиялық құрал-жабдықтармен, әртүрлі оқу құралдарымен, арнайы әдебиеттермен және санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сәйкес жиһазбен жабдықталған әртүрлі функционалды аймақтарға бөлінген. 4 жастан бастап ата-ана рұқсатымен қажетті түзету-дамыту жұмыстары, сөйлеу бұзылыстарын түзету және жеңу, сондай-ақ балаларды бейімдеу үшін қажетті алғышарттарды жасайды.

Психолог балабақшадағы тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету, пәндік-дамытушылық ортасын жақсы көңіл күймен дамыту үшін толық жағдай жасалған. Балалардың жас ерекшелігіне сай дамуына, олардың даму ерекшеліктерін ескеру мен кемшіліктерін түзетуге ықпал етуге жұмыс жасау үшін арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ірі, ұсақ моториканы дамытуға, тепе-теңдікті сақтауға арнайы дамытушы ойыншықтармен жабдықталған. Кабинет ілінбелі ағаш баспалдақ, түрлі түсті шарлары бар бассейн, ілінбелі өткеншек, батутпен қамтамасыз етілген.

Құм терапиясы балалардың шығармашылық белсенділіктерін дамытуға ыңғайлы әрі эмоцияналды тұрғыда өзіне сенімді күйде сезінуге толық жағдай жасалған. Бөлме 12 құм терапияға арналған арнайы жарығы бар әйнек

үстелімен, арнайы ағаш трафарет ойыншықтармен, құммен жабдықталған. Бір топ аптасына 1 рет құм терапиясына қатыса отырып танымдық, психикалық процестерді, түйсік (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасын дамытады.

Интеллектум балаларды дамытуға арналған зейін мен ақыл-ойды дамытатын 30 түрлі ойындармен жабдықталған. «Интеллектум» өнімдерінің оқу жоспары, балаға арналған тапсырма және мұғалімге арналған нұсқаулық кітаптары, баланың деңгейін анықтауға арналған тест жинақтарымен қамтылған. 4 жастан бастап аптасына 2 рет арнайы маманмен өткізіледі.

Ас бөлмесі балалардың дұрыс тамақтануы үшін толық жағдаймен қамтамасыз етілген күйде әр қабатта орналасқан. Балаларға арналған жас ерекшелігіне сай үстелдер мен орындықтар, ыдыс-аяқтармен, ас құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Қорыта келе «Өркен» балабақшасы баланың тұлғалық дамуы үшін толыққанды материалдық базамен арнайы мамандармен қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;
- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс-шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Әр мониторинг жүргізілгеннен кейін балалармен жеке жұмыс циклограммалық жоспарға енгізіліп, дамыту жұмыстары жүзеге асырылады.

«Өркен» балабақшасы оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Электрондық нұсқада 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.

2022-2023 оқу жылына арналған «Өркен» балабақшасы
балаларының дамуын, іскерлігі мен дағдыларын қадағалау бойынша
аралық мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есебі

